

# Жамбыл

## тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

### "Қазақстан - Ұлы Дала Елі"

28.09.2016 ж. "100 нақты қадам" Ұлт жоспарының 4-ші "Бірегейлік пен бірлік" бағытын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі "Қазақстан - Ұлы Дала Елі" сандық технологиялар саласындағы жаңа бірегей өнімді сандық қосымшаны әзірлеп ұсынады. Бұл жоба 87-ші "қадамда" көзделген әрбір азаматқа және шетелдік туристке ел туралы көбірек білуге көмектесу мақсатында "Қазақстан энциклопедиясы" кең көлемді интернет жобасын құру жөніндегі елбасының тікелей тапсырмасының орындалуының нәтижесі. Осыған орай "Қазақстан - Ұлы Дала Елі" сандық қосымшаны таныстыру мақсатында үстіміздегі жылдың 28 қыркүйегі сағат 11.00-де Жамбыл медициналық колледжінің Б корпусының мәжіліс залында 3 курс білімгерлерімен кездесу өткізілді. Келген қонақтар: Шәмші Әлібек Облыстық Жастар ресурстық орталығының маманы, Беделбай Ерасыл Облыстық Жастар ресурстық орталығының



### Қоғам және мен

14.09.2016 жылы «Дінің тұрсын дін аман» тақырыбында колледж студенттерімен кездесу болып өтті. Кездесу барысында «Кеңесхан қажы» мешітінің имамы Ғ. Ахметов, «Жастар ресурстық орталығы» КММ мамандары А.Қадралиев, Б.Құлназаров, облыстық дін істер басқармасының бас маманы А. Құлымбетовтер сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды.



25.09.2016 жылы «Дін және мен» діни радикализмнің алдын алу тақырыбына сәйкес «Жана - Ру» жастар коалициясынан Д. Өмірбеков пен Түркістан Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ доценті З. Жандарбек колледж студенттерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

### "Балауса" қыздар клубы

15.09.2016 ж. Жамбыл медициналық колледжінде бойжеткен қыздарды ұлтымыздың салт - дәстүрлері мен әдет - ғұрып, рухани құндылықтарды құрметтей білуге, ұяндық пен биязылыққа, инабатты, білімді болуға тәрбиелеу мақсатында "Балауса" қыздар клубының ашылу салтанаты өтті. Кештің ашылу салтанатына «Асыл Арман» ұлттық дәстүр мен өнерді қолдау» ҚБ төрағасы: Нұрақбаев Р.Д. қатысты. Ұйымдастырушылар колледж психологтары: Оскенбаева А.Н, Мухамодиева Н.Е.



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы Нетқалиев көшесі №20 Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинеті, редакциялық коллегия алғысы.



# Жамбыл

## тынысы

№10(1) 5 қазан 2016 жыл сәрсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

### Білімді ел-Мәңгі ел!

20.08.2016 ж. Білімді ел-Мәңгі ел! Жамбыл облысы білім беру қызметкерлерінің қатысуымен «Білімді ел-Мәңгі ел» тақырыбында тамыз кеңесінің пленарлық мәжілісі өтті. Тамыз конференциясына облыс әкімі К.Н.Көкрекбаев, ҚР Б және ҒМ мектепке дейінгі орта білім департаменті директоры Ж.А.Жонтаева, колледж тарапынан Жамбыл медициналық колледжі директоры Ж.Н.Сарыбекова, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова және бірқатар оқытушылар қатысты.



### Білім күні құтты болсын!



Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне - 25 жыл  
30 тамыз-Конституция күні  
1 қыркүйек - Білім күні



Конституция күні, Білім күні және Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы аясында салтанатты жиын өтті. Колледж директоры Сарыбекова Ж.Н. сөз алып, колледж ұжымын, жаңа қабылданған білімгерлерді мерекемен, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, табыс тіледі. 1991 жылдың 16 желтоқсан күні әрбір Қазақстан азаматының жүрегінде ерекше орын алды. Бұл күні Қазақстан Республикасы ғасырлар бойы ата-баба аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Конституция-еліміздің арайлы азаматтығының айнымас айғағы, жарқын болашағының бұлжымас бағдары.



### «Ұстаз – саған мың алғыс!»

30.09.2016 ж. №2 Жалпы кәсіптік пәндер цикльдік әдістемелік комиссиясы төрайымы Ұ.М.Ахметованың ұйымдастыруымен мұғалімдер күніне байланысты «Ұстаз – саған мың алғыс!» атты салтанатты кеш өтті. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды мерекемен құттықтап, өткен оқу жылында белсенділік танытқан оқытушыларды мақтау қағазбен және алғыс хаттармен марапаттады. Колледждің кәсіподақ ұйымы ұстаздардың төл мерекесіне сыйлықтар берді.



### «Қарттарым - асыл қазынам»

29.01.2016 ж. №3 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер цикльдік әдістемелік комиссиясы төрайымы Л.Б.Саурбаеваның ұйымдастыруымен 1-қазан Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарттарым - асыл қазынам» атты ардагер ұстаздарға арналған салтанатты кеш өтті. Кеште ардагер ұстаздар жылы лебіздерін білдіріп, өнегелі сөздер айтты. Колледж әкімшілігіне алғыстарын білдірді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ардагерлерді құттықтап, сыйлықтар берді. Мерекелік кеш ақ дастарханмен жалғасын тапты.



### Бүгінгі нөмерде

- Тамыз кеңесінің пленарлық мәжілісі
- 1 қыркүйек-Білім күні
- Ұстаздар күні
- «Қарттарым-асыл қазынам»
- Педагогикалық кеңес
- Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы
- Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімінде орта медициналық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру
- «Мейірбике білімін жаңғырту» тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы
- Шын жүректен-первая помощь» телемарафоны
- «Балауса» қыздар клубы
- "Язык - живая душа народа" тақырыбында әдеби-сазды кеш
- "Қазақстан - Ұлы Дала Елі" Дөңгелек үстел
- "Семья национальная ценность и основа стабильности государства!" тақырыбындағы конференция
- «Қазақстан студенттерінің Альянсы»
- «Дінің тұрсын дін аман», «Дін және мен»





# Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

## Педагогикалық кеңес

19.10.2016 ж. Педагогикалық кеңестің бірінші отырысы өткізілді.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.
2. Қабылдау комиссиясының 2015-2016 оқу жылы жұмысының қорытындысы.  
Жауапты: қабылдау комиссияның хатшысы Жапарқұлова Ф.К.
3. 2015-2016 оқу жылының II жартысындағы студенттердің қарыздарын жою туралы есеп.  
Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Куанышбекова Л.Т.
4. 2015-2016 оқу жылына педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын бекіту:  
- педагогикалық кеңестің құрамы және жұмыс жоспары;  
- әдістемелік кеңестің құрамы мен жұмыс жоспары;  
- колледжде жұмыс жасайтын комиссиялар және олардың құрамы, төрағалары;  
- үйірме және спорт секцияларының жетекшілері;  
- циклдық-әдістемелік комиссиялар және олардың құрамы, төрайымдары;  
- топ жетекшілері.  
Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Куанышбекова Л.Т.
5. 2015-2016 оқу жылындағы ЦӘК жұмыстары туралы талдамалы есеп.  
Жауапты: оқу-әдістемелік кабинет меңгерушісі Иманбекова Ж.Б.
6. Әр-түрлі сұрақтар.

## Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы

7.09.2016 ж. Әдістемелік мектеп отырысы өтті. Күн тәртібінде:

1. Нормативті-құқықтық базаны оқу. Құжаттарды жүргізу. Аттестация. Педагогика қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар. Педагогика қызметкерлерінің аттестацияға байланысты нормативті құжаттарын оқу.  
Жауапты: Әдіскер Батаева Л.К. Аттестация комиссиясының хатшысы: Сарыбаев Г.К.
2. Жас және жаңадан келген оқытушыларға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жас оқытушылар мен жаңадан келген оқытушылармен танысу.  
Жауапты: Әдіскер Батаева Л.К. Аттестация комиссиясының хатшысы: Сарыбаев Г.К.
3. Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушылармен танысу және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Жас оқытушының жұмыс орнына кәсіптік бейімделуі. Оқытушының құқықтары мен міндеттері. Оқытушыға қойылатын талаптар.  
Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.
4. Күнтізбелік жоспарларды құрастыру ережесі. Сабақ жоспарларын жазу үлгісі. Сабақтың үш бірдей дидактикалық мақсаттылығы. Сабақ жоспарының дұрыс құрылуы.  
Жауапты: әдіскер Иманбекова Ж.Б.

Әдістемелік мектеп отырысын колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ашып, жас және жаңадан келген оқытушыларға колледждегі еңбектеріне сәттілік тілей отырып, қазіргі заман талабына сай оқытушы болуға, сапалы білім беруге шақырды. Жаңадан келген оқытушылар жаңа оқу жылының жоспарына ұсыныс –тілектер айтты.



## "Семья национальная ценность и основа стабильности государства!" тақырыбындағы конференция

6.09.2016 ж. Жамбыл медициналық колледжінің Б корпусының конференция залында Жамбыл облысының "Русский центр" қоғамдық бірлестігінің президенті Е.В.Горбунованың, Аналар кеңесінің төрайымы М.С.Мирожапованың және 3 курс студенттерінің қатысуымен "Семья национальная ценность и основа стабильности государства!" тақырыбындағы конференция өтті.



## "Мейірбике білімін жаңғырту" тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті

23.09.2016 ж. Орал қаласында Батыс Қазақстан Жоғарғы медициналық колледжінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Әлеуметтік министрілігінің ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25-жылдығына және колледждің 100-жылдығы мерейтойына арналған Қазақстан Республикасының "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында "Мейірбике білімін жаңғырту" тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Осы конференцияға колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна және "Мейірбике ісі", "Фармация" бөлімінің меңгерушісі Мырзагулова Жанат Бекмұхановна қатысты.



## «Шын жүректен - первая помощь»

«Шын жүректен-первая помощь» телемарафоны 13-17 қыркүйек аралығында Жамбыл медициналық колледжі клиникалық пәндерінің оқытушылары және студенттердің қатысуымен алғашқы медициналық көмек көрсету аясында «Шын жүректен-первая помощь» телемарафоны өтті. Азаматтарды алғашқы медициналық көмек көрсетуге үйрету акциясы қаланың орталық базарында, автобекетте, Т.Рысқұлов атындағы орталық саябақта және №13 Темір жол колледжінде жүргізілді. Оқытушылар жоғарыда аталған мекеме басшыларының алғыс хатымен марапатталды.



## "Язык - живая душа народа"

23.09.2016 ж. қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында №1 Жалпы білім беру және жалпы гуманитарлық пәндері ЦӘК төрайымы К.Ж.Байбосынованың ұйымдастыруымен және I-II курс студенттерінің қатысуымен Тілдер күні мерекесіне арналған "Язык - живая душа народа" тақырыбында әдеби-сазды кеш өтті.



## «Қазақстан студенттерінің Альянсы»

09.09.2016 ж. «Қазақстан студенттерінің Альянсы» республикалық студенттік қозғалысының лидері А.Ж.Мұратбаев Тараз қаласындағы орта арнаулы оқу орындарының базасында бөлімшелерін ашу мақсатында Жамбыл медициналық колледжінде кездесу ұйымдастырылып, ұйымның мақсаты, міндеттері түсіндірілді. Колледжде ұйымның көшбасшысы болып 201 топ студенті Е.Қыпшақбаев сайланып, штаб құрылды.



## Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімінде орта медициналық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру

05.09.16.-19.09.16 ж. аралығында ақылы негізіндегі «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі» мамандықтары бойынша «Хирургиялық ауруларды және зақымдануды оперативтік емдеудің мейірбикелік технологиялары», «Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек», «МСАК учаскелік мейірбикесінің жұмысы» атты циклдар өткізілді.

19.09.16.-01.10.16 ж. аралығында мемлекеттік негізде «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі», «Акушерия ісі» мамандығы бойынша «Жалпы тәжірибе дәрігердің мейірбике жұмысы», «ЖИА жіті түрлерінде, ми инсультінде шұғыл көмек көрсету. Электркардиография негіздері», «Акушерия және гинекологиядағы шұғыл жағдайлар» атты циклдары өткізілді.

